

## "Аффилирленген тұлға" ұғымын қолданудың практикасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директораты 1998 жылғы 26 қазан N 181 Қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 9 ақпан N 680 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 13 қазандағы N 276 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы*  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

*1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді...*

*Төраға*

*Бағалы қағаздар рыногы  
мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
кейбір нормативтік құқықтық  
актілерінің күші жойылды  
деп тану туралы" Қазақстан  
Республикасының Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау жөніндегі  
агенттігі Басқармасының  
2004 жылғы 13 қазан  
N 276 қаулысына қосымша*

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған  
кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

*1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының "Аффилирленген тұлға" ұғымын қолдану тәжірибесі туралы" 1998 жылғы 26-қазандағы N 181 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 680 тіркелген,*

-----  
"Акционерлік қоғамдар туралы" Z980281\_ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңы 2-бабының екінші бөлімімен және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077\_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңы 2-бабының үшінші бөлімімен белгіленген "осы тұлғаның аффилиирленген тұлғасы (аффилиирленген тұлға)" ұғымы айқындамасына сүйене отырып және аталған ұғымды іс жүзінде қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) тікелей өзі немесе оған бақылау жасайтын ұйым арқылы осы ұйымның дауыс беретін акцияларының (қатысушылар салымдарының) он және одан да көп процентін (егер осы ұйым ашық халықтық қоғам болып табылған жағдайда - дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп процентін) иеленетін, пайдаланатын, жұмсайтын немесе басқаратын кез келген тұлға;

2) оған қатысты осы ұйым еншілес болып табылған немесе тәуелді акционерлік қоғам деп танылған кез келген заңды тұлға, егер осындай заңды тұлға осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес осы ұйымның аффилиирленген тұлғасы болып танылмаса;

3) дауыс беретін акцияларының (қатысушылар салымдарының) он және одан да көп процентін (егер осы ұйым ашық халықтық қоғам болып табылған жағдайда - дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп процентін) тікелей немесе бақылаушы ұйымдар арқылы осы ұйым иеленетін, пайдаланатын жұмсайтын немесе басқаратын кез келген заңды тұлға;

4) осы ұйымға қатысты еншілес ұйым немесе тәуелді акционерлік қоғам болып танылатын кез келген заңды ұйым, егер осындай заңды тұлға осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес осы ұйымның аффилиирленген тұлғасы болып табылмаса;

5) осы ұйыммен бірге үшінші тұлғаның бақылауында тұрған кез келген, заңды тұлға;

6) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес осы ұйымның аффилиирленген тұлғасы ретінде танылған кез келген өзге тұлға;

7) осы ұйымның кез келген басшы қызметкері немесе осы тармақтың 1)-6) тармақшаларына сәйкес осы ұйымның аффилиирленген тұлғасы болып танылған заңды тұлға;

8) осы ұйымның кез келген басшы қызметкері немесе осы тармақтың 1), 6), 7)

тармақшаларына сәйкес осы ұйымның аффилиирленген тұлғасы болып танылған жеке тұлғамен жақын туыстық немесе жақындық қатынаста тұрған (ата-анасы, жұбайы, аға-інісі, ұлы, қызы, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) аға-інісі, апа-сіңлісі, қарындасы, ата-анасы, ұлы немесе қызы) кез келген жеке тұлға;

9) осы ұйымның кез келген басшы қызметкері немесе осы тармақтың 1),6)-7) тармақшаларына сәйкес осы ұйымның аффилиирленген тұлғасы болып танылған жеке тұлғаның бақылауындағы кез келген заңды тұлға ұйымдардың аффилиирленген тұлғалары болып танылатындығы белгіленсін.

2. Осы Қаулының мақсаты үшін ұйым органдарының құрамына, өкілеттіктеріне және құзырлығына және/немесе оның қызметіне ықпал жасау мүмкіндігі, егер тек осындай бақылау жасау осы ұйымдағы лауазымды атқару нәтижесі болып табылмаса, ұйымға бақылау жасау болып танылатындығы белгіленсін.

Егер Ұлттық комиссия жекелеген жағдайларда өзгеше белгілемесе, тікелей немесе олар бақылау жасайтын ұйымдар арқылы осы ұйымның дауыс беру құқығындағы акцияларының (қатысушылардың салымдарын) үштен бірінен көбін иеленген кез келген тұлға ұйымды бақылаушы болып танылады.

3. Осы Қаулының мақсаты үшін акциялар (қатысушының салымы) бойынша дауыс құқығын немесе "алтын акция" бойынша вето құқығын пайдалану акцияны басқару болып танылатындығы белгіленсін.

4. Осы Қаулының мақсаты үшін мыналар:

1) ұйымның бірінші басшысы (алқалы атқарушы органның басшысы немесе ұйымның атқарушы органының қызметін жеке дара жүзеге асырушы тұлға);

2) ұйымның қадағалаушы, атқарушы, бақылаушы не қолданылып жүрген заңдармен белгіленген өзге де органының мүшесі;

3) ұйымның тексерушісі;

4) бірінші басшының орынбасары (егер ол ұйымның атқарушы органының мүшесі болып табылмаса);

5) ұйымның бас бухгалтері немесе оның орынбасары (егер ол ұйымның атқарушы органының мүшесі болып табылмаса);

6) ұйымның филиалының немесе өкілдігінің басшысы немесе бас бухгалтері;

7) ұйымның құрылымдық бөлімшесінің басшысы (ұйымның атқарушы органына, оның бірінші басшысына немесе оның орынбасарына тікелей есеп беретін) немесе оның орынбасары (егер ол ұйымның атқарушы органының мүшесі болып табылмаса) ұйымның басшы қызметкерлері болып танылады.

5. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

*Ұлттық комиссияның Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК